

"Жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың үлгілік қағидаларын, қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың қағидаларын және "Ағаштарды кесуге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 235 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 12 қарашадағы № 606 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 16 қарашада № 21635 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң

ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҮЙРАМЫН:

1. "Жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың үлгілік қағидаларын, қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың қағидаларын және "Ағаштарды кесуге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 235 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тізілімінде № 10886 болып тіркелген, 2015 жылғы 14 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың үлгілік қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министре жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрі

Б. Атамкулов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Экология, геология және табиғи
ресурстар министрлігі

Қазақстан Республикасының

Индустрія және
инфрақұрылымдық
даму министрінің

2020 жылғы 12 қарашасы

№ 606 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 20 наурыздағы
№ 235 бұйрығына
1-қосымша

Жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың үлгілік қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың қағидалары

(қала, елді мекен)

(бұдан әрі – Қағидалар) 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім), 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" (бұдан әрі – Заң), 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.

Қағидалар мемлекеттік орман қоры участекерінде және республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қоргалатын табиғи аумақтарда, жеке тұрғын үй және жеке меншік қосалқы шаруашылық аумақтарында, саяжай участекерінде өсетін жасыл екпелерге қолданылмайды.

2. Қағидалар

(қала, елді мекен)

жасыл екпелерді күтіп-ұсташа және қорғау саласындағы тәртіпті айқындайды және қатынастарды реттейді.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) абаттандыру – сол немесе өзге аумақты құрылыш және мақсаты бойынша қалыпты пайдалану үшін жарамды жағдайға келтіру, халықтың дені сау, жайлы және

мәдениетті өмір сұру жағдайын жасау мақсатында жүзеге асырылатын жұмыстардың (аумақтарды инженерлік дайындау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жолдарды салу, коммуникациялық жөлдерді және сумен жабдықтау, көріз, энергиямен жабдықтау құрылыштарын, жабындар құрылғыларын дамыту, монументті өнердің шағын сәулеттік нысандары мен объектілерін орналастыру, көгалдандыруды жобалау, шу деңгейін азайту, микроклиматты жақсарту, ауа бассейнін, ашық су айдындары мен топырақты ластанудан қорғау бойынша) және көрсетілетін қызмет (аумақтарды құрғатуға және көгалдандыруға тазалау, жинау, санитариялық тазалау бойынша) жиынтығы;

2) ағаштарды кесу – "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Рұқсаттар туралы Зан) 2-қосымшаның 159-тармағына сәйкес уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүзеге асырылатын ағаштарды кесу бойынша жұмыс;

3) ұшарбасты қалыптастыру – белгілі бір эстетикалық түр беру және жасыл екпелерді жасарту мақсатында олардың солып қалуына әкеп соқтырмайтын, пішіндеуге келетін бұтақтар мен өркендерді, жекелеген ағаштарды, бұталарды және жолдағы екпелерді кесу.

4) дендрологиялық жоспар – құрылыш салу аймағын ескере отырып көкжелектердің, алаңқайлардың, жолдардың, су айдындарының ашық участкерімен үйлесімділікте өсіп тұрған және отырғызылуы жоспарланып отырған ағаш-бұтақ өсімдіктерінің жасыл екпелерінің сандық және түрлік құрамы көрсетілген жасыл екпелерді отырғызу жоспары;

5) жалпыға ортақ жерлер – аландар, көшелер, тротуарлар, өтпе жолдар, жолдар, жағалаулар, саябақтар, скверлер, қала ормандары, бульварлар, су айдындары, жағажайлар, зираттар және халықтың мұқтаждықтарын қанағаттандыруға арналған өзге де объектілер (жалпыға ортақ инженерлік жүйелер) орналасқан және оларға арналған жерлер;

6) жасарту – қаңқалы және жартылай қаңқалы бұтақтарды қатты қысқарту, өркендерді сирету және реттеу, бас жағы мен бұталардың құрғау салдарынан өзінің декоративтік сапасын жоғалтқан, сау дінді және сұңгекті жасарту үшін жарамды ересек ағаштардың кемінде 3,5 метр биіктіктең діндерін кесу;

7) жасыл алқап – түрлік құрамына қарамастан кемінде 0,125 га аумақта кемінде 50 дана ағашы бар көгалдандырылған аумақ;

8) жасыл екпелер – азаматтық заңнамаға сәйкес жылжымайтын мүлік болып табылатын және қаланың бірыңғай жасыл қорын құрайтын табиғи ескен және жасанды егілген ағаш бұтақты және шөпті өсімдіктер;

9) жасыл екпелерді жою – жасыл екпелердің өсуінің тоқтауына әкелетін зақымдану;

10) жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау – жасыл екпелерді, көгалдандырылған аумақтар мен жасыл алқаптарды құруға, сақтауға және өсіруге (оның ішінде кесілген

жасыл екпелерді өтемдік қалпына келтіруге) бағытталған құқықтық, әкімшілік, үйымдастырушылық және экономикалық шаралар жүйесі;

11) жасыл екпелерді сақтау – абаттандыру және құрылыш жұмыстарының нүктесіне түсетін, аса құнды екпелердің тұқымдарын сақтауға бағытталған іс-шаралар кешені;

12) жасыл екпелерді орман-патологиялық зерттеу зиянкестердің (жәндіктердің) болуын арнайы зерттеу, ауру белгілері мен ошақтарының болуын, діндерде, тамыр жүйесі мен ұшарбаста зен ауруларымен (паразиттермен) зақымдану белгілерінің болуын анықтау. Егер екпелердің 50 (елу) %-дан астамы аурулардан зақымданған болса, олар міндettі түрде кесілуі тиіс.

13) жасыл екпелерді түгендеу (тал басын санау) – қөгалдандыру обьектілерінің сандық және сапалық сипаттамаларын толық көрсете отырып, оларды есепке алу жөніндегі іс-шаралар кешені, сондай-ақ жоспарлы негізде әрбір қөгалдандыру элементін графикалық бейнелеу;

14) жасыл екпелер тізілімі – жасыл екпелердің типтері, түрлік құрамы, алаңының көлемі, жай-күйі және орналасуы туралы деректер жиынтығы;

15) жеке тұрғын үй – үй маңындағы участкеде орналасқан және шаруашылық пен басқа да құрылыштармен және жасыл екпелермен бірге азаматтың меншігіндегі жеке (отбасымен) тұруға арналған үй;

16) қөгалдандырылған аумақ – табиғи жолмен өніп шыққан өсімдіктер орналасқан, жасанды жолмен жасалған бау-саябақ кешендері және обьектілер, бульварлар, скверлер, қөгалдар, гүлдер орналасқан жер участкесі;

17) күтіп-баптау – өсімдіктердің жерасты бөлігін және топырағын күтіп-баптау (коректендіру, суару, қопсыту және өзге де іс-әрекеттер);

18) өтемдік отырғызу жоспары – отырғызудың сандық бөлігін, тұқымдық құрамын, көлемін, құнтізбелік мерзімін, сонымен қатар жоспарлы негізге орайластырылған отырғызуды орналастырудың графикалық схемасын қамтитын кесуге ұшыраған ағаштарды отырғызу жоспары;

19) өтемдік отырғызу – уәкілетті орган дендрологиялық жоспарға сәйкес айқындаған арнайы участкелерде кесілген ағаштардың орнына отырғызу;

20) өтпе жол – тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттарға, мекемелерге, кәсіпорындарға, шағын аудандар, орамдар, елді мекендер ішіндегі құрылыш обьектілеріне көлік құралдарының кіруін қамтамасыз ететін жол элементі;

21) санитариялық кесу – авариялық жағдай туғызатын (электр беру желілерінде, газ құбырларында жатқан, ғимараттардың жамылғысын зақымдайтын, жол қозғалысының қауіпсіздігіне қатер төндіретін), ауырған, құрғай бастаған, құрғақ және зақымданған бұтақтарды кесу;

22) санитариялық кесу – жасыл екпелерді күтіп-ұстау санитариялық жай-күйін жақсарту мақсатында жүргізілетін ағаш кесу (ішінара, жаппай), оның барысында жекелеген ауру, зақымданған, солып қалған және қураған ағаштар кесіледі;

23) тротуар – жаяу жүргіншілердің жүруіне арналған, жолдың жүру бөлігімен шектесетін немесе одан көгалмен немесе арық жүйесімен бөлінген жолдың элементі;

24) уәкілдегі орган – жасыл екпелердің күтіп-ұстаса және қорғау мәселелерін реттеу саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі;

25) үйым – жасыл желектердің күтіп-ұстаса және қорғау саласында маманданып жүрген жеке немесе заңды тұлға;

26) шағын сәулеттік нысандар – декоративтік сипаттағы және іс жүзінде пайдаланылатын объектілер (мүсіндер, субұрқақтар, барельефтер, гүл құмыралары, павильондар, құркелер, отырғыштар, құтылар, балалар ойындары және ересектердің демалысына арналған жабдықтар мен конструкциялар);

27) іргелес аумақ – ғимараттар, құрылыштар, қоршаулар, құрылыш алаңшаларының, сауда, жарнама объектілеріне және заңды немесе жеке тұлғалардың балансындағы, меншігіндегі, иелігіндегі, жалға алуындағы басқа объектілер шекараларына тікелей (периметрі бойынша 5 метр шекара дағы) жанасып жатқан аумақ;

28) ағаштар мен жасыл екпелердің қайта отырғызы – уәкілдегі орган белгілеген участеклерде жүзеге асырылатын, ағаштар мен жасыл екпелердің қайта отырғызы бойынша жұмыс;

29) ағаштардың заңсыз кесу – уәкілдегі органның рұқсатынсыз жүзеге асырылатын ағаштардың кесу;

30) мәжбүрлі кесу – авариялық және төтенше жағдайларды жою кезінде уәкілдегі органның рұқсатынсыз ағаштардың кесу.

2- тарау. Жасыл екпелердің күтіп-ұстаса және қорғау

1-параграф. Жасыл екпелердің күтіп-ұстаса және қорғау шаралары

4. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде және республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда, жеке тұрғын үй және жеке меншік қосалқы шаруашылық аумақтарында, саяжай участеклерінде өсетін жасыл екпелердің қоспағанда, барлық жасыл екпелер аталған участеклерде қалалар мен елді мекендердің қоғалуы тиіс бірынғай жасыл қор құрады.

5. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің көгалданырылған аумақтарын дамыту дендрологиялық жоспарға сәйкес жүргізіледі.

6. Жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында көзделген аумақтардағы көгалданыру жөніндегі барлық жұмыс түрлері бекітілген жобалар бойынша орындалады. Аталған жұмыс түрлері Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Жасыл екпелердің күтіп-ұстаса мыналарды қамтиды:

- 1) жасыл екпелерді отырғызу;
- 2) ағаштардың діңгек қуысын орнатумен қыртыстарды қопсыту, ағаштарды ақтау, жасыл қоршамды қио, ағаштардың діңін көтеру, ағаш өскіндерін жою;
- 3) гүлзарлар, көгалдарды орналастыру, арамшөптерді отау, шөптерді шабу, қысқы кезеңде раушан гүлдерін жауып ұстау;
- 4) бүкіл вегетациялық кезең бойы жасыл екпелерді суару, жазғы маусымда аптада екі рет суарылады;
- 5) ұшарбасты қалыптастыру;
- 6) жасарту;
- 7) тыңайтқыштар салу;
- 8) жасыл екпелердің зиянкестерімен және ауруларымен құресу.
- 9) авариялық, құрғаған, жасамыс ағаштарды және бұталарды санитариялық кесу, ұшарбасты қалыптастыру.

8. Жасыл екпелерді қайта отырғызу жыл ішінде арнайы қайта отырғызу технологиялары сақталған жағдайда жүзеге асырылады. Жапырақты және қылқан жапырақты ағаштардың тиімді ұласып өсуі мақсатында оларды күз түсken кезеңнен бастап көктемнің бас кезіне дейін отырғызу ұсынылады.

9. Ағаштарды жасарту және қалың өсken ағаштарды сирету іс-шаралар вегетация басталғанға дейін немесе күздің соында жүргізіледі.

10. Құрылыш-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде осы участкеде сақтауға жататын барлық екпелер олардың тиімді қорғалуын қамтамасыз ететін арнайы қорғаныш қоршауларымен механикалық және өзге де зақымданулардан қорғалады.

11. Құрылыш салуға немесе басқа да жұмыстар жүргізуге бөлінетін участкелерде жасыл екпелерді сақтау мүмкін болмаған жағдайда, ағаштарды кесу Рұқсаттар туралы Заңға сәйкес уәкілетті органның келісімі бойынша жүргізіледі.

12. Коршаған ортаны қорғау және қалпына келтіруді Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес азаматтар, лауазымды және занды тұлғалар жүзеге асырады.

13. Жасыл екпелердің барлық түрі есепке алынады.

14. Жасыл екпелерді есепке алу осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасыл екпелер тізіліміне енгізілетін, есепке алу объектісінің шекарасында орналасқан жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу арқылы жүзеге асырылады.

15. Уәкілетті орган жасыл екпелер тізілімін және оларды есепке алууды жүргізеді.

16. Жасыл екпелерді есепке алу нәтижесін көрсететін құжат ресімделген түгендеу және орман-патологиялық зерттеу материалдары, сондай-ақ дендрологиялық жоспар болып табылады.

17. Жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау бойынша қызмет көрсетуді, сондай-ақ жалпыға ортақ жерлердегі жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу жүргізуді үйымдар жүзеге асырады.

18. Уәкілетті орган жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу материалдарының көшірмесін жасыл қормен жұмыс істеу кезінде ұсыным ретінде пайдалану үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі аппаратына жібереді.

19. Қалың өскен жасыл екпелер өздігінен құлаған кезде жасыл екпелерді қалпына келтіру уәкілетті органнын бекітілген дендрологиялық жоспарына сәйкес жергілікті бюджет есебінен жүргізіледі.

2-параграф. Ағаштарды кесу, санитариялық кесу

20. Ағаштарды кесу мынадай:

1) бекітілген және келісілген қала құрылышы құжаттамасында көзделген құрылыш қызметін, құрылыш-монтаж жұмыстарын жүзеге асыру үшін жағдайлар жасалуын қамтамасыз ету;

2) инженерлік абаттандыру объектілеріне, инженерлік желілерді реконструкциялау және салу, жерасты және жерусті коммуникацияларына қызмет көрсету;

3) авариялық және төтенше жағдайларды жою, оның ішінде инженерлік абаттандыру объектілерінде жою;

4) бұрыннан бар объектілердің аумағын абаттандыру және эстетикалық түрге келтіру, жасыл екпелердің сапалық және түрлік құрамын жақсарту қажеттігі;

5) адамдардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне қатер төндіретін, сондай-ақ жеке және занды тұлғалардың мүлкіне залал келтіретін ағаштарды санитариялық кесу жағдайларында жүзеге асырылады;

6) ағаштар мен бұталар жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде өсіп тұрган кезде.

21. Ағаштарды кесуді уәкілетті органның рұқсаты бойынша осы жер участкесінде қызмет көрсететін үйымдар жүргізеді.

22. Жалпыға ортақ жерлердегі және ғимараттарға, құрылыштарға, көп қабатты тұрғын үйлерге іргелес аумақтардағы желдің және табиғи сипаттағы өзге де жағдайлардың, жол-көлік оқиғаларының нәтижесінде ағаштар авариялық құлаған жағдайда құлаған ағаштарды жинауды, құлаған жерлерді уақтылы тазалауды және ағаш қалдықтарын шығаруды қызмет көрсететін участкелер бойынша үйымдар жүзеге асырады.

23. Авариялық және төтенше жағдайларды жою кезінде, оның ішінде инженерлік абаттандыру объектілерінде уәкілетті органның келісімінсіз ағаштарды мәжбүрлі түрде кесу мынадай жағдайларда жүргізіледі:

- ағаштардың, сондай-ақ олардың бұтактарының құлауы адамдардың өмірі мен денсаулығына, ғимараттар мен құрылыштардың, коммуникациялардың бүлінуіне қауіп төндіреді;

- жол қозғалысы қауіпсіздігіне кедергілер, оның ішінде жол белгілерін көзбен шолуды жабатын кедергілер.

Ағаштарды санитариялық немесе мәжбүрлі кесу фактісі төтенше жағдайлар органдарының құтқару қызметінің куәландыру актісімен айғақталады, кейін уәкілетті органға мәжбүрлі кескен сәттен бастап үш жұмыс күн ішінде хабарланады.

24. Жалпыға ортақ жерлердегі ағаштарды санитариялық кесуді және (немесе) кесуді осы жер участекіне қызмет көрсететін үйым уәкілетті органның жазбаша келісімі бойынша жүргізеді.

25. Ағаштарды кесу осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, кесілген ағаштардың орнына жеке және занды тұлғалардан өтемдік отырғызу туралы кепілхат ұсынылған жағдайда уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

26. Жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу материалдарына сәйкес қайта отырғызуға жататын ағаштар уәкілетті орган көрсеткен участкерге қайта отырғызылады.

3- параграф. Ағаштарды өтемдік отырғызуды жүргізу тәртібі

27. Ағаштарды қалпына келтіру арнайы участекерде қаланың немесе елді мекеннің өтемдік ағаш отырғызу жоспарына сәйкес, қажет болған жағдайда жерін құнарлы топыраққа ауыстыра отырып жүргізіледі.

28. Өтемдік отырғызу ағашты кесуге мүдделі болған азаматтар мен занды тұлғалар есебінен жүргізіледі.

29. Ағаштарды кесу кезінде ағаштарды өтемдік отырғызу ағаш көшеттерін отырғызу жолымен жүргізіледі.

30. Ағаштарды зансыз кесу, жою, бұлдіру немесе жасыл желектерді күтіп-ұстаяу және қорғау ережелерін бұзған жеке немесе занды тұлға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес жауапты болады және жиырма есе мөлшерде ағаштарды өтемдік отырғызуды жүргізеді.

31. Ағаштарды өтемдік отырғызу биіктігі кемінде 2,5 метр кесекпен немесе биіктігі кемінде 2 метр кесекпен қылқан жапырақты ағаштардың көшеттерін отырғызу арқылы жүргізіледі.

Көшеттердің жоғарғы тамыр жүйесінен діңінің диаметрі кемінде 3 сантиметр, дің бөлігінің 1,3 метр биіктігінде.

32. Занды және жеке тұлғалар ағаштарды қайта отырғызған кезде өтемдік отырғызу жүргізілмейді.

Қайта отырғызулар ағаштардың солып қалуына әкеліп соққан жағдайда, бес есе көлемдегі өтемақы белгіленеді.

33. Ағаштарды кесу кезінде өтемдік отырғызу уәкілетті органның рұқсаты бойынша және (немесе) ағаштарды заңсыз кесу, жою немесе бұлдіру кезінде кесу, ағаштарды жою немесе бұлдіру орнынан 1 километр радиуста аумақта жүргізіледі.

Өтемдік отырғызу үшін кесу орнынан 1 километр радиуста бос орын болмаған кезде өтемдік отырғызу аумағын уәкілетті орган жазбаша түрде көрсетеді.

Ағаштарды амалсыз кесу кезінде өтемдік отырғызу көгалдандыруды, жасыл желектерді күтіп-ұстауды және күтіп-ұстауды жүзеге асыратын ұйымды тарта отырып, жалпы пайдаланымдағы жерлерде жүргізіледі.

34. Занды және жеке тұлғалар ағаштардың өтемдік отырғызу жұмыстарын аяқтаған соң ағаштарды кесуге рұқсат алу кезінде берілген кепілдік хатқа сәйкес уәкілетті органды өтемдік отырғызу жоспарына сәйкес жұмыстардың орындалғаны туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

35. Кепілдік хатқа сәйкес жеке және занды тұлғалар өтемдік отырғызу сәтінен бастап екі жыл ішінде (ағаш көшетінің жерсіну кезеңі) тармақшаларға сәйкес көшеттерді күтіп-ұстау және қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізеді 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшасын басшылыққа алады.

36. Екі жыл өткеннен кейін өтемдік отырғызуды жүзеге асырған жеке және занды тұлғалар уәкілетті органмен бірлесіп ағаштардың жерсіну актісін жасайды және одан әрі күтіп-ұстау үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органының теңгеріміне береді.

Уәкілетті орган өскен ағаштарды жасыл желектер тізіліміне енгізеді.

37. Отырғызылған көшеттер өтемдік отырғызу кезінде жойылған жағдайда, олардың мүддесі үшін кесу жүргізілген тұлғалар немесе ұйым жасыл екпелерді қайта отырғызуды жүргізеді және оларды қайта отырғызу жүргізілген сәттен бастап екі жыл бойы (ағаш көшетінің жерсіну кезеңі) күтіп-ұстау және қорғау жөніндегі одан әрі іс-шараларды қамтамасыз етеді.

38. Осы Қағидалардың негізінде жергілікті атқарушы органдар әзірлейтін Жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын елді мекеннің табиғаттық, климаттық, геологиялық, гидрогеологиялық және сейсмикалық факторларына байланысты жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелермен толықтырылады.

Жасыл екпелерді күтіп-
ұстаудың және қорғаудың
ұлғілік қағидаларына
1-қосымша
Нысан

_____ жылғы 1 қантардағы Жасыл екпелер тізілімі

Жасыл екпелер объектілерінің (учаскелерінің) алаңын жердің санатына, өсімдіктің

типперіне, функционалдық маңсатына қарай бөлу

Қала/елді мекен

Әкімшілік аудан: (код) _____

Жауапты иесі: _____

Жасыл екпелер тізілімі

Кесте

P/c № түгендеу / жасыл екпе паспорттының №	Жердің функционалдық маңсаты (екпелер санаты)	Ағаш өсімдігі		
Бірлі-жарым ағаштар, дана	Топтар, куртиналар, дана	Тоғайлар, алқаптар, дана	Жол бойындағы екпелер, дана	Жиыны, дана

Бұталы өсімдіктері				
Бірлі-жарым, дана	Жасыл қоршам кума метр (к. м.)	Қатарлап отырғызу, дана	Топтық отырғызу, дана	Барлығы қ.м./дана

Ашық кеңістіктер				Көгалдар				
Гүлзарлар				Көгалдар				
Жазғы m^2	Көпжылдық m^2	Контейнерлік , дана	Вазон m^2	Альпинарий 2, рокарий, м ²	Жиыны m^2 / дана	Партерлік m^2	Кәдімгі m^2	Ж е р қыртысының m^2 жамылғысы, m^2 /дана

Жасыл екпелерді құтіп-
ұстаудың және қорғаудың
үлгілік қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Облыстардың, Нұр-Сұлтан,
Алматы және Шымкент
қалаларының, ауданның,
облыстық маңызы бар қаландың
жергілікті атқарушы органның
басшысы

(тегі, аты, ол бар болған
жағдайда экесінің аты,
мемлекеттік органның атауы)

(жеке тұлғаның тегі, аты, ол бар
болған жағдайда экесінің аты не
көрсетілетін қызметті алушы
занды тұлға ұйымының атауы)
және (немесе) сенімхат
бойынша)

(ЖСН/БСН)
mekenzhayы

(занды мекенжайы немесе
тұрғылыкты жері)
байланыстар

(электрондық мекенжайы,
телефон)

Кепілдік хат

(жеке немесе заңды тұлғаның атауы)

дана көлемінде өтемдік ағаш отырғызууды жүргізуге кепілдік береді,

тұқымдылар, ағаштардың орнына _____ дана, _____ үшін кесілетін
тұқымдар _____ мекен-жайы бойынша:

(себебі көрсетіледі)

_____ 20 жылғы " " жасыл
желектерді

зерттеу актісіне сәйкес.

Отырғызылған көшеттер жойылған жағдайда, қайта отырғызуға кепілдік береді.

Өтемдік отырғызу сәтінен бастап екі жыл ішінде, тармақшаларға сәйкес көшеттерді
кутіп-

ұстау және қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізуге кепілдік береді 4), 5), 6), 7)
және жасыл

желектерді күтіп-ұстау мен қорғау ережесінің 7-тармағының 8) тармақшасына
сәйкес

әзірленді және екі жыл өткеннен кейін оларды ағаштардың жерсіну актісі негізінде
жергілікті

атқарушы органның теңгеріміне берсін.

(жеке немесе заңды тұлғаның атауы)

жасыл желектерді күтіп ұстау және қорғау ережелерін бұзғаны үшін Қазақстан

Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес
жауапкершілікке

тартылатыны хабарланды.

Күні: 20 ____ ж. " " _____

Басшының Т. А. Ә. және қолы (мөрі бар болса)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК